



Автор: Рахманбергенова Балнур Абилхасымовна
Пән: Сауат ашу
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Бізді қоршаған әлем
Тақырып: В әрпі және дыбысы

Тілдік мақсаттар:	Білімділік: мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген [В] дыбысты анықтайды; дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады; оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды; дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді; көркем жазу талаптарына сай жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғары және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады. Дамытушылық: сөздік қоры жаңа сөздермен байиды; сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды. Тәрбиелік: спортпен шұғылдануға, білімді болуға талпынады
Күтілетін нәтиже:	Жаңа дыбыс пен әріпті таниды; сөздерден В дыбысын ажырата алады, в дыбысы кездесетін сөздерді табады, сөздерден сөйлем құрастырады;
Құндылықтарды дарыту:	Эко мәдени құндылық Көркем сөйлеу, денсаулыққа деген қамқорлық, денсаулықты күту. Қазақстан велосипедшілерін тану.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқулық, жазу дәптері, флипчарт слайд, сюжетті суреттер, ұнтаспа, «Менің алғашқы сөздігім» көмекші құралы. Бағалауға арналған жұлдызшалар, қызыл, жасыл дөңгелектер
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, көркем еңбек, математика

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен сәлемдесу, «Көңіл күй» жаттығуын орындату Өткен әріптер мен дыбыстарды еске түсіру Сабақ мақсатын хабарлау. Жұмбақ жасыру Дөңгелектері бар- бірақ төртеу емес, Рульмен басқарылады- бірақ мәшине емес, Жүктерді де тасуға болады- бірақ жүк көлігі емес, Спорттық құралға жатады- бірақ жеңіл емес?	https://www.youtube.com/watch?v=ui8J9vIQ4wA&t=6s

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Дыбыстық талдау дағдыларын дамыту жұмысы. (Айтылым, тыңдалым)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сурет бойынша әңгіме құрау. Мәтінмен жұмыс. 2. Әңгімені сөйлемдерге талдау. Сөйлем санын анықтау. 3. Бір сөйлемді сөздерге талдау. Сөйлемдегі сөз санын анықтау. 4. Өтілетін жаңа дыбысы бар «ве- ло-си-пед» сөзіне дыбыстық талдау жасау. Қазақстан велосипедшілері туралы ақпарат беріп өту. 5. Сөзді буынға бөліп, жаңа дыбыстың орнын анықтау. 6. В дыбысының айтылу ерекшелігімен таныстыру. 7. В дыбысының таңбасы – оның әрпімен таныстыру. Дыбыстық жинақтау дағдысын дамыту жұмысы. Оқылым <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқулықтың 87-бетінде берілген сөздерді мұғалімнің оқушылармен бірге түсініп оқуы. 2. В дыбысының сөз алдында, ортасында келетін орнын оқушылардың өз беттерінше табуына мүмкіндік жасау. 3. Сөздерді суреттер арқылы есте сақтауын тексеру (ойын арқылы) Тіл ұстарту жаттығуын орындату Вон- вон- вон Тіркесті екінші вагон Вин- вин- вин Өте дәмді витамин Вал- вал- вал Поезд тоқтайтын- вокзал 4. «Велосипед» мәтінін бірге, жұппен, жеке оқыту. Мәтінді талдау жұмысын ұйымдастыру Сергіту жаттығуы «Велосипед тебеміз» (МК, Ө) Жазылым <ol style="list-style-type: none"> 1. Оқулықтағы в әрпінің таңбалануына назар аудару. 2. Саусақ жаттығуы (В әрпін жасау) 3. В әрпін тақтаға жазып көрсету. 4. В әрпін ауада жазып көрсету. Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру. «Мен көркем жазамын» В әрпінің ішіне В әрпінің жазып стикерлерін жапсыру 	<p>Велосипед теуіп бара жатқан балалар суреті Велосипед суреті Дыбыстық талдауға арналған қызыл, көк дөңгелекшелер Жазу дәптері Ермексаз Стикерлер</p>
Сабақтың соңы	<p>Бекіту және саралау Саралау тапсырмасымен жұмыс ұйымдастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1-деңгей: Сөздер қатарынан артық сөзді тап. 2-деңгей: В дыбысы сөздің қай жерінде келетінін анықта. 3-деңгей: Вокзал, вагон сөздерімен сөйлем құра. 	<p>Вокзал, вогон, бақбақ гүлі суреттері</p>
Рефлексия	<p>Кері байланыс 2. «БББ» әдісі арқылы сабақты қорытындылау Жұмбақты жаттап, велосипедті (өздерінің) сипаттап әңгіме құрау тапсырмасын үйге беру</p>	<p>Қызыл, жасыл дөңгелекшелер</p>